

жаққа асыра сілтеусіз» құқық үстемдігін қамтамасыз ету қажет. Басқарудың және билік жүргізудің волютаристік стилін, директивалық әдістерді, құқықтан аттап өтуді тоқтату қажет, тек заң мен оның негізінде шешім қабылдауды қамтамасыз ету қажет. Ең алдымен, құқықтық рәсімдерге сүйене отырып, құқықтық нормаларды іске асыру тетіктерін жетілдіру маңызды. БАҚ пайдалана отырып, жалпыға бірдей заңға бағынушылықты насихаттай отырып, құқыққа қарсы мінез-құлықтық ұстанымдарға белсенді шабуыл жасау қажет.

Қоғамдағы құқықтық нигилизмді жою үшін кешенді құқықтық база қажет. Қоғамдағы құқықтық нигилизмнің элементтерін жеңу жолындағы бағыттардың бірі және әлеуметтік құқықтық сананың жоғары деңгейін қалыптастыру жолы мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың қызметін біріктіруден көрінеді.

Мемлекет үшін халықтың құқықтық білімінің төмен деңгейінің салдарынан болатын шығындарды (моральдық, материалдық, адамгершілік және құқықтық) көтеруден гөрі, қоғамдық құқықтық сананы қалыптастыруға лайықты назар аудару экономикалық тұрғыдан тиімдірек болар еді.

Барлық көрсетілген әрекеттерді кешенді жүзеге асырған кезде ғана, құқықтық нигилизм деп аталатын, құқық үшін қауіпті, аурудан біздің қоғамды босатып, содан кейін толықтай айықтыруға болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Өзбекұлы С. Мемлекет және құқық теориясы: оқулық - Алматы : Жеті жарғы, 2006. - 259 б.
2. Алексеев С.С. Право на пороге нового тысячелетия: Некоторые тенденции мирового правового развития - надежда и драма современ. эпохи / С. С. Алексеев. - М. : Статут, 2000 . - С. 252.
3. Кудрявцев В.Н. О правопонимании и законности / В.Н. Кудрявцев // Государство и право. 1994. - №3. - С. 3-9.
4. Демидов А.И. Политический радикализм как источник правового нигилизма // Государство и право 1992. № 4. С. 17-24.
5. Жилин Г. Соотношение права и закона / Г. Жилин // Российская юстиция. - 2000. - № 4. - С. 4-9.
6. Гулина О.Р. Исторические корни и особенности правового нигилизма в современной России : автореф. дис. ... канд. юрид. наук / О.Р. Гулина. - Уфа. : РИО БашГУ, 2002. - 326 с.

МҰСЫЛМАНДЫҚ ҚҰҚЫҚТҮСІНУШІЛІК ПЕН НЕГІЗГІ МАЗХАБТАРДЫҢ АРАҚАТЫНАСЫ

Зәрубек З.А., заң факультетінің магистранты, Е.А. Бөкетов атындағы ҚарУ

Заң ғылымы мұсылмандық құқықтүсінушілік пен негізгі мазхабтардың арақатынасын зерттеуге әрқашанда ерекше көңіл бөлінген, революцияға дейін де, кеңес өкіметі кезеңінде де, қазіргі уақытта да бұл сұрақтар өз өзектілігін жоғалтпай, керсінше ғалымдардың қызығушылығын тудыруда. Мұсылмандық құқықтүсінушіліктің бірыңғай анықтамасы осы уақытқа дейін қалыптаспаған, тек кейбір ғалымдар оны исламдық құқықтүсінушілікпен байланыстыра отырып, өзіндік тұжырымдар жасайды. Олардың басым көпшілігінің тұжырымдары бойынша негізгі құқықтық мектеп (мазхаб) немесе ағымдармен бекітілген мұсылмандық құқық – қағидаларға негізделі отырып, сол кездегі саяси жағдай, тарихи дамудың белгілі бір кезеңінде мемлекет белгілейтін

басымдықтардың әсеретуі арқылы қалыптасатынын аңғаруға болады. Сонымен қатар, қазіргі уақытта заң ғылымында объективті, қатаң ғылыми әлеуметтік таным мүмкіндігінен бас тарту және адамның белсенді әлеуметтік субъект ретінде танымы мен түсінігінің субъективтілігіне баса назар аудару байқалады. Заңда және оны түсінуде бұл ұғымдардың бұлыңғырлығына және құқықтың адаммен байланысын орнатуға әкеледі. Сондай – ақ, құқықтүсінушілік жеке адамның дүниетанымына тәуелділігімен анықталады, яғни «адамда дүниетаным қандай болса, соған сәйкес құқықтүсінушілігі қалыптасады» [1]. Бұл тұжырымдарға сүйене отырып, мұсылмандық құқықтүсінушілік қоғамда қалыптасқан негізгі құқықтық мектеп (мазхаб) немесе ағымдармен бекітілген мұсылмандық құқық – қағидаларының таралуы мен ұстаным ретінде айқындалуы және мұсылмандық құқықтың негізгі қайнар көздеріне әсер етуі арқылы олардың өзара әрекеттесуін айқындауға болады.

Қазіргі уақытта заң ғылымында мұсылмандық құқықтүсінушілік тұжырымдамаларының алуан түрлілігі байқалады. Мұсылман құқығы – ұзақ даму тарихы бар, күрделі әлеуметтік құбылыс. Ол Аравия түбегінің батысында ру-тайпалық құрылыстың ыдырауы және ерет феодалдық мемлекеттің пайда болуы кезінде қалыптасқан. Мұсылман құқығы құқықтық нормалардың жүйесі ретінде бірден құрылған жоқ және мұсылман догматикасы мен құқықтану бір-бірімен біте қайнасып, мұсылмандық идеологияның жеке бағыттарының қалыптасуына негіз болды. Мұндай жағдай Х ғасырдың ортасына дейін сақталды, құқықтану мұсылмандық теологиялық догматикадан бөлінгеннен кейін ғана мұсылмандық-құқықтық мектептер пайда (мазхабтар) болды. Бірінші мыңжылдықтың аяғына қарай мұсылмандық феодалдық мемлекеттің құрылу үрдісі негізінен аяқталды. Осы уақытта мұсылман құқығының құқықтық мінез-құлық ережелердің жүйесі ретінде қалыптасуы жүзеге асты. [2, 37]

Мазхаб терминінің мәні құқықтық мектеп, ағым деген мағананы білдіреді. Х-ХІ ғасырларда ислам дінінің қоғамда кең таралуы нәтижесінде мұсылмандық мектептер пайда болып, қоғамда әртүрлі исламдық жолдар қалыптаса бастаған. Ислам дінін ұстанушылардың көзқарастары мен танымдары екіге бөлініп, біреулері - суниттік жолды таңдаса, ал екіншілері - шииттік жолды ұстанды. Оның үстіне суниттер: имам Ағзамдық, ханбалиттік, мәликиттік және шафийлық жолдарға, ал шииттер өте көп ағымдарға жіктеле түскен. Сондықтан да, дінтанушы, Мысырлық ғалым Шафик Шихат: «Верно, что после оформления различных толков в эпоху Аббасидов (750-1258) судья стал в принципе обращаться к произведению, созданном фикхами» [3, 10 б.] деген тұжырымы өте дұрыс. Өйткені, әрбір мектеп не болмаса ағымдар өз фикхтары жазған кітаптарға ғана сүйенетін болған. Р. Давид: «Мусульманский судья не должен толковать коран, авторитетное толкование этой книги дано докторами права, и именно на их труды может ссылаться судья» [4, 388] деп сол кездегі ағымдармен жазылған кітаптарға сүйену қажеттілігін өз еңбегінде түсіндіріп талдаған. Сөйтіп, әрбір мектеп (мазхаб) немесе ағымдар өздеріне мұсылмандық заң - қағидаларынан тұратын доктрина жасап алды. Әрине бұл исламдық заң - қағидаларының өзара қайшылықтарына әкеп соғады. Кезінде, Мұхаммед пайғамбар өз үмбеттерінің 73 ағымға бөлініп кететіні жайлы ескерткен әрі оны қолдамаған болатын. Тек, осылардың арасына имам Ағзамдық жолдың дұрыс, әрі шынайы жол екенін айтып кеткен. Қазір Сунниттік имам Ағзам жолын ұстанушылар мұсылмандардың басым бөлігін құрайды. Алайда, өзге мектептер мен ағымдардың қағида – ережелері қоғамнан ығыстырылмайынша, ол ағым өкілдерімен қалыптастырылған қағидаттар жалпы ұстаным жүйесінде қызмет етіп, қоғамдық қатынастарды реттейді береді. Тіпті дінтанушы ғалымдардың көзқарастары әртүрлі қағидалар мен ұстанымдарға негізделіп, қазіргі кезде ортақ шешімі табылмаған мәселелердің біріне айналуда. Қайсы мектеп (мазхаб) немесе ағымдарды алсақ та, олардың қағидаттарының негізін Құран мен Сүннет құрайды. Құран мен Сүннет жеке мінез-құлықтың жетекші бастауы бола отырып, шарифаттың да (Ислам заңнамасы) қайнар көзі ретінде танылған. Бұл кең көлемді қағидалар жинағынан исламдық құқықтың фикһ деп аталатын жүйесі өңделіп шығарылған.

Мұсылман құқығының негізгі қайнар көздерінің рөлі, құқықтық тұрғыдан, доктринаға тиесілі, ал мемлекет, соттарды тағайындап және істерді шешуді белгілі бір мазхабтың негізінде жүргізуге міндеттеп, ресми түрде оның шешімдерін санкциялап отырған. Құранды бұл жағдайда мұсылман құқығының жалпы идеологиялық негізі ретінде қарастырған, себебі онда Құран мен Сүннеттен бастау алатын нормалар көлемі көптеп танылған.

Мұсылмандық құқықтүсінушіліктің қалыптасуына мазхабтардың әсер етуінің жағымды және жағымсыз жақтарын ажыратуға болады. Мәселен, негізгі құқықтық мектептер – мазхабтардың қызметі мұсылман құқығының әрі қарай дамуына, қоғам өмірінің жаңа құбылыстарын рационалды қабылдауға, бір қатар абстрактылы ережелерді қалыптастыруға, көрінеу ескірген ережелерден бас тартуға қолайлы жағдай туғызуы бұл оның жағымды сипаты болып табылады. Бірақ соған қарамастан оның жағымсыз жақтарында сипаттауға болады. Мысалы, мұсылман құқығының маңызды деген сұрақтары бойынша бұл мазхабтар арасында қайшылықтар мен сәйкессіздіктер жиі туындайды және Шиизм негізінде де бірқатар тәуелсіз мектептер пайда болды: исмаили, жафари, зейди және тағы басқа. Осының салдарынан, орта ғасырларға қарай мұсылман құқығының доктриналық және нормативтік негізі шариғат ерекше күрделенген және өзара шиеленісі көп құқықтық құбылысқа айналды.

VIII—X ғасырлада иджихадтың белсенді дамуы және мазхабтардың пайда болуы доктринаның мұсылман құқығының басты қайнар көзі ретіндегі жағдайын орнықтырды. VIII ғасырдың ортасынан бастап көпшілік соттар белгілі бір мазхабты, көбінесе халиф ұстанған немесе жергілікті халықтар ұстанған мазхабты ғана ұстана бастады.

Қазіргі таңда мұсылман-дінтанушыларының бір бөлігі сунниттер мен шииттердің бірігуі керек екендігін, сондай-ақ мазхабтардан да бас тартып, тікелей Құран мен Сүннетпен жүруге уағыздауда (Абу Амина Биляль Филипс). Дегенменде қоғамда бұл көзқараспен келіспейтіндер де табылады. Олардың тұжырымдарына сүйенсек, мазхабтардан бас тартуды шариғат пен мұсылман әлемінің өмір сүруіне төнетін қауып деп санайды (Мухаммад Саид ал-Рамадан ал-Бути). Біздің көзқарасымыз бойынша ислам әлемінің мазхабтарға бөлінуі бұл діннің және мұсылман құқығының көп қырлылығын көрсетеді, және суниттер мен шииттердің бірігуі мұсылман құқығының қайталанбастығын жоғалтуға әкелуі әбден мүмкін.

Мұсылмандық құқықтүсінушіліктің қалыптасуында негізгі мазхабтардың алар орны ерекше. Құқықтық мектептермен (мазхабтармен) қалыптастырылған ағымдардың талдауы мұсылман құқығының көп қырлылығын көрсетеді. Әр құқықтық мектеп (мазхаб) немесе ағымдармен бекітілген мұсылмандық құқық – қағидалары құрылымының қарастырылған элементтері оның ғылыми және практикалық сипаты бар категория ретіндегі мәнін көрсетеді. Іс жүзінде құқықтүсінушіліксіз ғылымда белгілі бір теорияны тұжырымдау мүмкін емес. Сонымен қатар, кез-келген теория іс жүзінде жүзеге асырылмаса ол өміршең бола алмайды.

«Құқықтүсінушілік» қазіргі ғылымда салыстырмалы түрде жаңа категория болып табылады. Құқықтүсінушілік – бұл белгілі бір құқықтық ұғымның мәнін іздеуші және оның нәтижесін көрсететін теориялық категория.

Әдебиеттер тізімі:

1. Костенко А.Н. Что есть право? Правопонимание в контексте натуралистического мировоззрения // Правовестник. – 2012. – 28 окт
2. Өсеров Н.Ө. Мұсылман құқығы. Алматы: Жеті жарғы, 1996. – 194 б.
3. Шихат Ш. Аль-Иттижаһат ат-тасирийа Фи Кауани ал-бирад ал-рабийа. – Каир, 1960 – 1456
4. Давид Р. Сравнительное право: Очерки сравнительного права (сборник). – М., 1981 – 486 б.